


ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2021 жылғы II тоқсан

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Қаржы нарығына шолуда нарық қатысушыларына өтімділіктің негізгі ағындары қозғалысының неғұрлым толығырақ мәліметін беру мақсатында қаржы нарығындағы негізгі үрдістер ашып көрсетіледі.

Құжатты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаменті дайындады. Құжат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында тоқсанына бір рет электрондық нұсқада жарияланады.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ....4

I. АҚША НАРЫҒЫ....7

А) Ашық нарық операциялары....7

Б) Тұрақты қолжетімділік операциялары....7

II. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ....10

А) Айырбастау бағамын қалыптастырудың сыртқы факторлары....11

Б) Ішкі валюта нарығындағы ахуал....12

В) Биржалық валюта нарығындағы операциялар....13

Г) Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар....14

Д) Жеткізілмейтін валюта форвардтарының нарығы....14

III. ҚОРНАРЫҒЫ....17

А) Мемлекеттік бағалы қағаздар....18

Б) Корпоративтік облигациялар....19

В) Акциялар нарығы....20

IV. ДЕПОЗИТТІК НАРЫҚ....22

А) Депозиттік операциялар....23

Б) Депозиттік мөлшерлемелер....24

В) Депозиттердің долларлануы 24

V. КРЕДИТ НАРЫҒЫ....26

А) Кредиттік мөлшерлемелер....27

Б) Жаңа кредиттер бер....27

В) Нетто-кредиттеу және ЕДБ кредиттер портфелі....29

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР....30

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ....31

БОКСТАР

Бокс 1. Жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу 15

КІРІСПЕ

2021 жылғы екінші тоқсанда COVID-19-дан ауқымды вакцинацияның басталуы және дамыған елдердегі қолдау шаралары олардың экономикаларын қалпына келтіруді жеделдетуге және қор индекстерінің өсуіне ықпал етті. Мұнай нарығында бағаның одан әрі көтерілуі байқалды. Сыртқы конъюнктура ішкі нарықтардың дамуына әсер етті. Жалпы алғанда, экономиканың ішкі секторында инфляциялық процестердің жылдамдауымен іскерлік белсенділіктің қалпына келуі және жекелеген тауар нарықтарындағы теңгерімсіздіктер байқалды. Сыртқы және ішкі даму факторларын ескере отырып, Ұлттық Банк есепті тоқсанда базалық мөлшерлеме деңгейін 9% деңгейінде сақтау туралы екі рет шешім қабылдады.

Ақша нарығы. 2021 жылғы екінші тоқсанда банк секторының өтімділігі өсті, бұл есепті тоқсанның екінші жартысынан бастап нысаналы дәліздің төменгі шегіне жақын ақша нарығының мөлшерлемелерін қалыптастыруға әкелді. Негізгі көлемі ҚРҰБ ноттарымен және депозиттік аукциондармен алынды. Бұл ретте нарық қатысушылары бойынша өтімділіктің шоғырлануы орналастыру жағынан да, өтімділікті тарту жағынан да төмендеді.

Валюта нарығы. Елдің валюта нарығындағы ахуал сыртқы және ішкі жағдайлардың әсерінен дамыды. Сыртқы сектордағы әлемдік қаржы алаңдарындағы ахуал коронавирустың жаңа штамдарының таралуымен, жаппай вакцинацияның дамуымен, әлемдік экономиканың қалпына келуімен және әлемдегі орталық банктердің тарапынан ақша-кредит саясатын күшейтуді күтумен анықталды. Ішкі нарықта іскерлік белсенділіктің қалпына келу, импорттық тауарлар мен қызметтерге кейінге қалдырылған сұранысты іске асыру нәтижесінде сұраныс тарапынан айырбастау бағамына қалыпты қысым байқалды.

Қор нарығы. Есепті тоқсанның соңына қарай мемлекеттік бағалы қағаздардың кірістілік қисығы нарыққа қатысушылар тарапынан сұраныстың төмендеуі аясында аздап өсті. Бұдан басқа, ҚР МБҚ-ға шетелдік инвесторлардың ағыны байқалды. Әлемдік қор нарықтарынан кейін KASE индексі сенімді өсуді көрсетті. KASE индексінің құрылымында негізгі өсудің қозғаушы күші энергетика саласы болды.

Депозит нарығы. Екінші тоқсан ішінде теңгелік, сондай-ақ валюталық салымдардың өсуі есебінен банк жүйесіндегі депозиттер

көлемінің өсуі жалғасты. Теңгелік депозиттердің өсуі халықтың салымдары арқасында, соның ішінде зейнетақы жинақтарын екінші деңгейдегі банктердегі ағымдағы шоттарға орналастыру нәтижесінде қалыптасты. Валюталық депозиттер корпоративтік сектор есебінен өсті. Депозиттердің долларлануы есепті тоқсан ішінде тұрақтанды. Алайда, депозиттер құрылымында түрлі бағыттағы серпін орын алды: жеке салымдарды долларландырудың төмендеуі корпоративтік салымдарды долларландырудың өсуімен өтелді.

Кредит нарығы. Экономикадағы іскерлік белсенділіктің және халық табысының қалпына келуі аясында корпоративтік секторға жаңадан берілген кредиттер, сондай-ақ тұтынушылық қарыздар көлемінің өсуі байқалады. Халықтың зейнетақы жинақтарын ішінара алуы аясында берілген ипотекалық қарыздардың өсуі жалғасты. Таза (нетто) кредит беру (ескі қарыздарды өтеуді шегергенде жаңа кредиттер беру) есепті тоқсан үшін жеке, сол сияқты корпоративтік секторды теңгемен кредиттеу есебінен оң қалыптасты, бұл екінші деңгейдегі банктердің кредиттер портфелінің өсуіне алып келді. Есепті тоқсанда корпоративтік секторға ұлттық валютадағы кредиттер бойынша мөлшерлемелердің серпіні тұрақтанды, жеке секторға кредиттер бойынша – тұтынушылық кредиттер есебінен төмендеу үрдісін көрсетті.

I. АҚША НАРЫҒЫ


I. Ақша нарығы

2021 жылғы екінші тоқсанда банк секторының өтімділігі өсті. Негізгі көлемі ҚРҰБ ноттарымен және депозиттік аукциондармен алынды. Бұл ретте нарық қатысушылары бойынша өтімділіктің шоғырлануы орналастыру жағынан да, өтімділікті тарту жағынан да төмендеді. Жалпы өтімділіктің өсуі есепті тоқсанның екінші жартысынан бастап нысаналы дәліздің төменгі шегіне жақын ақша нарығы мөлшерлемелерінің қалыптасуына алып келді.

А) Ашық нарық операциялары

2021 жылғы екінші тоқсанда ақша нарығындағы өтімділіктің профициті 10,4%-ға ұлғайды (1-график).


1-график. ҚРҰБ операциялары бойынша ашық позиция



Өтімділіктің негізгі көлемі ашық нарық операцияларымен алынады (шамамен 90-95%-ы). Жылдық ноттар шығаруды алып тастау және 182 күндік мерзімі бар ноттар шығару көлемін шектеу нәтижесінде депозиттік аукциондар арқылы алу үлесінің өсуі жалғасты (2-график). Есепті кезеңде депозиттік аукциондарға сұраныс алдыңғы тоқсанның орташа көлемінен 27%-ға асты.

Ноттармен алу көлемі тоқсан ішінде аздап өзгерді. Құрылым бойынша 91 күндік ноттар арқылы алудың өсуі байқалды.


2-график. Ноттар мен депозиттік аукцион бойынша ашық позиция



Дереккөзі: ҚРҰБ

Депозиттік аукциондар мен 28 күндік ноттар базалық мөлшерлеме деңгейіне барынша жақын мөлшерлемелер бойынша орналастырылады. АКС-тың неғұрлым ұзақ құралдары бойынша сыйақы мөлшерлемелері оларға сұраныстың артуы кезінде шығарылымның шектеулі көлеміне байланысты төмендетіледі (3-график).

3-график. Ноттар мен депозиттік аукциондар бойынша мөлшерлемелер




Дереккөзі: ҚРҰБ

Б) Тұрақты қолжетімділік операциялары

Өтімділік профицитінің өсу кезеңінде тұрақты қолжетімділік операциялары арқылы оларды алудың өсуі байқалды.

Негізгі көлем ЕДБ депозиттерімен мөлшерлемелер дәлізінің төменгі шегі бойынша алынды (4-график).


4-график. ҚРҰБ тұрақты қолжетімділік операцияларының көлемі



Дереккөзі: ҚРҰБ

Қаралып отырған тоқсандағы репо нарығындағы сауда-саттық көлемі неғұрлым ұзақ уақыт кезеңіне орналастыру нәтижесінде ұлғайды (5-график). Екі аптадан бір айға дейінгі репо операциялары бойынша өтімділіктің негізгі ағыны байқалды.


5-график. Репо нарығындағы ашық позициялар



Дереккөзі: ҚРҰБ

Бір күндік репо нарығында өтімділікті негізінен банк секторы орналастырды (65%), онда үздік 10 ЕДБ үлесі есепті тоқсанда 78%-дан 81%-ға дейін ұлғайды. Өтімділікке сұраныс басым түрде брокерлік, инвестициялық сектор тарапынан қалыптасуды жалғастырды, олардың өтімділікті тартудағы үлесі тоқсан ішінде 12%-ға төмендегеніне қарамастан, есепті тоқсанның соңында 49% болды (6-график).


6-график. 1 күндік репо нарығының құрылымы



Дереккөзі: ҚРҰБ, KASE

Бір күндік репо нарығында қаражат тарту және қаражат орналастыру кезінде өтімділіктің шоғырлануы төмендеді (7-график). Бұл ретте, өтімділікті тартуда тоқсанның соңына қарай жекелеген қатысушыларда, негізінен банктерде, брокерлік және инвестициялық компанияларда өтімділіктің негізгі көлемінің шоғырлануы нәтижесінде шоғырланудың өсуі байқалды.


7-график. 1 күндік репо нарығының шоғырлануы (Херфиндаль-Хиршман индексі)



Дереккөзі: ҚРҰБ
Нарықтағы шоғырлану дәрежесін бағалау үшін қолданылатын Херфиндаль — Хиршман индексі негізінде есептелген. Барлық қатысушы үлестері квадраттарының сомасы ретінде айқындалады. Аймақ неғұрлым қошқыл болса, шоғырлану соғұрлым жоғары:
Шоғырлануы жоғары нарықтар: 1800 < HHI < 10000
Қалыпты шоғырланған нарықтар: 1000 < HHI < 1800
Шоғырлануы төмен нарықтар: HHI < 1000

Уақыт бойынша өтімділікті бөлу күн ішінде бірқелкі бөліне отырып, алдыңғы кезеңге ұқсас түрде қалыптасты (8-график).


8-график. Өтімділікті уақыт бойынша бөлу, лог. шкала



Дереккөзі: ҚРҰБ

Ақша нарығының мөлшерлемелері. Ұлттық Банк 2021 жылғы екінші тоқсанда базалық мөлшерлеме деңгейін 9% деңгейінде сақтау туралы екі рет шешім қабылдады. Ақша нарығының мөлшерлемелері өтімділік өсуінің әсерінен қалыптасты.

9-график. МБҚ-мен репо нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер




Дереккөзі: ҚРҰБ

Нәтижесінде 2021 жылғы екінші тоқсандағы ақша нарығының мөлшерлемелері өтімділіктің жалпы профицитінің өсуі аясында пайыздық дәліздің төменгі шегіне жақын болды (9-график). Тиісінше, tonia мөлшерлемесі мен базалық мөлшерлеменің арасындағы спред кеңейе түсіп, 2021 жылғы екінші тоқсанда орта есеппен - 0,6 п.т. (биылғы жылғы 1-тоқсан -0,3 п.т., 2020 жылғы 2-тоқсанда -0,8) құрады. Спредтің құбылмалылығы алдыңғы тоқсандағы 0,4-тен 0,3-ке дейін төмендеді (жылдың 2020 жылғы 2-тоқсанда 0,9).

Банктер және басқа да қатысушылар бір күндік репо бойынша мәмілелердің 90%-ға жуығын базалық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша жасады (10-графикте -1<X≤0 диапазоны).

10-график. Бір күндік репо нарығында теңгені орналастыру мәмілелері бойынша мөлшерлемелер



Ұлттық Банктің қатысу үлесі аз болды және мөлшерлемелерді негізінен нарық қатысушылары қалыптастырды.

II. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

II. Валюта нарығы

2021 жылғы екінші тоқсанда елдің валюта нарығындағы ахуал сыртқы және ішкі жағдайлардың әсерінен дамыды.

Сыртқы секторда әлемдік қаржы алаңдарындағы ахуал коронавирустың дельта штаммының таралуымен, дамыған және дамушы елдерде халықты вакцинациялаудың прогресімен, әлемдік экономиканың қалпына келуімен және әлемдегі орталық банктердің тарапынан ақша-кредит саясатын күшейтуді күтумен анықталды. Мұнай нарығында бағаның одан әрі көтерілуі байқалды.

Ішкі нарықта іскерлік белсенділікті қалпына келтіру, импорттық тауарлар мен қызметтерге кейінге қалдырылған сұранысты іске асыру, сондай-ақ жергілікті компаниялардың корпоративтік оқиғалары нәтижесінде сұраныс тарапынан айырбастау бағамына қысым байқалды. Нәтижесінде биылғы жылғы екінші тоқсанның қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына қатысты биылғы жылғы бірінші тоқсанның соңындағы бір АҚШ доллары үшін 424,97 тегеден 427,31 теңгеге дейін 0,6%-ға әлсіреді.

А) Айырбастау бағамын қалыптастырудың сыртқы факторлары


Есепті тоқсанда эпидемиологиялық ахуал бір мәнді емес сипатта болды: бір жағынан, Еуропа мен АҚШ-та карантиндік шаралардың әлсіреуі байқалды, екінші жағынан – Азия мен Латын Америкасы елдерінде COVID-19 ауруының ірі ошақтары пайда болды.

Әлемнің көптеген елдерінде жаппай вакцинация төмен қарқынмен және препараттарға қол жетімділіктің біркелкі болмауымен сипатталды. Бұл, өз кезегінде, дамушы экономикаларға қатысты дамыған елдердің экономикаларын тезірек қалпына келтіруге әкелді.

Есепті тоқсанның соңына қарай жаһандық инвесторлардың бұдан кейінгі экономикалық перспективаларға қатысты алаңдаушылығы артты, бұл тәуекелді активтер тартымдылығының қалыпты төмендеуінен және нарықтары қалыптасып жатқан елдердің валюталарына қысымнан көрініс тапты.

Қарастырылып отырған кезеңдегі АҚШ қазынашылық облигацияларына жоғары сұраныс алдыңғы тоқсанда байқалған кірістіліктің өсуін тоқтатты (11-график). «Активтерді сатып алу» бағдарламасының мерзімінен бұрын ықтимал тоқтатылуы және мөлшерлеменің 2023 жылға дейін көтерілуі туралы пайда болған АҚШ ФРЖ сигналы АҚШ долларына қолдау көрсетті. Бұл Америка валютасына қатысты нарықтары қалыптасып жатқан елдердің көптеген валюталарының нығаюын тежеді.

11-график. АҚШ МБҚ кірістілігі (%), ДНЕ валютасы және АҚШ долларының индексі (31.12.2019ж. = 100)




Дереккөзі: Refinitiv, ҚРҰБ есептері

Мұнай бағаларының кейбір құбылмалылығына қарамастан, нарық конъюнктурасы қолайлы болды. ОПЕК+ келісілген іс-әрекеттерімен бірге энергия ресурстарына сұраныстың қалпына келуі жағдайында шикізаттың әлемдік пандемияға дейінгі қорларының төмендеуі мұнай бағасын еңсеруге және бір баррель үшін 70 АҚШ долларынан жоғары деңгейде белгілеуге мүмкіндік берді.

Қарастырылып отырған кезеңде Иран тара-

пынан мұнай ұсынысын ұлғайтуға қатысты алаңдаушылық туындаған жоқ. Brent сұрыпты мұнай бағасы 2021 жылғы екінші тоқсанда бір баррель үшін 63,54 АҚШ долларынан 75,13 АҚШ долларына дейін 18,2%-ға өсті (12-график).

12-график. Brent сұрыпты мұнай бағасының, Ресей рублі мен теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамының серпіні. (31.12.2019 ж. = 100)



Дереккөзі: Refinitiv, ҚРҰБ есебі

Санкциялық қысымға және РФОБ шетел валютасын сатып алу операцияларына қарамастан, Ресей рублі бюджеттік ереже шеңберінде нығая түсті. Бұған мұнайдың жоғары бағасы және РФОБ негізгі мөлшерлемесінің сәуірде 4,5%-дан 5,0%-ға дейін және маусымда 5,5%-ға дейін көтерілуі ықпал етті. Нәтижесінде биылғы жылғы сәуір-маусымда Ресей рублі АҚШ долларына 73,15 рубльге дейін 3,3%-ға нығайды.


Б) Ішкі валюта нарығындағы ахуал

Мұнай құнының едәуір өсуінің әсері АҚШ долларының нығаюымен, сондай-ақ ішкі валюта нарығында шетел валютасына сұраныстың ұлғаюымен ішінара реттелді.

Нарыққа қатысушылар арасында валютаға сұраныстың өсуі Қазақстандағы іскерлік белсенділікті қалпына келтіру, халықтың нақты кірістерінің өсуі және әкелінетін тауарларға кейінге қалдырылған сұранысты іске асыру жағдайында болды. Бұдан басқа, валюта нарығына жекелеген компаниялардың дивидендтік төлемдерінің кезеңі де әсер етті.

Биылғы жылғы сәуірде шетелдік капиталдың қорғау активтеріне ауқымды ағыны бейрезиденттердің Қазақстанның МБҚ нарығындағы инвестицияларының 248 млн АҚШ долларына төмендеуіне алып келді, бұл да теңге құнына қысым болды. Дегенмен, 2021 жылғы 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша Қазақстанның МБҚ-ға бейрезиденттердің ағыны шамамен 850 млн АҚШ долларын құрады. Валюта нарығының теңгерімділігі сондай-ақ республикалық бюджетке кепілдік берілген трансферттерді қамтамасыз ету үшін шетел валютасын айырбастау операциялармен, сондай-ақ мұнай өндіруші компаниялардың экспорттық валюта түсімін сатумен қамтамасыз етілді (13-график).

13-график. Биржалық нарықтағы сауда-саттық көлемі, ҰҚ-тан валюта айырбастау, экспорттық түсімді сату



Дереккөзі: ҚРҰБ


Нәтижесінде 2021 жылғы екінші тоқсанның қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына қатысты биылғы жылғы наурыздың аяғындағы 1 АҚШ доллары үшін 424,97 теңгеден 427,31 теңгеге дейін 0,6%-ға әлсіреді.

Қаржы нарығына қатысушылар арасында валютаға деген жоғары сұраныс валюталық операциялардың жоғары көлемімен расталды. 2021 жылғы екінші тоқсанда биржалық және банкаралық сегменттердегі операциялардың жалпы көлемі 37,9 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2021 жылғы бірінші тоқсандағы көрсеткіштен 5,4 млрд АҚШ долларына жоғары.

В) Биржалық валюта нарығындағы операциялар

Бағам қалыптастыру іргелі факторларының салыстырмалы тұрақтылығы жағдайында теңге құнының АҚШ долларына шаққандағы құбылмалылығының аздаған амплитудасы байқалды (14-график).

14-график. Валюта биржасындағы теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамының құбылмалылығы, %.




12-желілік сүзгі

Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есебі

Есепті тоқсандағы әлсіреуіне қарамастан, сауда күндерінің көпшілігінде USD/KZT жұбының ашылу бағасы теңгенің нығаю үрдісін көрсете отырып, жабылу бағасынан (жасыл шамдар) жоғары болды (15-график).

15-график. Биржалық валюта нарығындағы сауда көлемі.




12-желілік сүзгі

Дереккөзі: Refinitiv, ҚҚБ

Бұл ретте ашу мен жабу бағасы арасындағы алшақтық айтарлықтай үлкен болды (шам ұзындығы). Сәуірдің басында сауда сессиялары байқалды, олардың барысында теңгенің айтарлықтай әлсіреу үрдісі пайда болды (қызыл ұзын шамдар).

USDKZT_TOM биржалық сауда-саттықтың ай сайынғы көлемі 2021 жылғы екінші тоқсанда біртіндеп ұлғайды (16-график).


16-график. Мәмілелер түрі бойынша валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚҚБ, НБРК

Своп нарығында дәстүрлі түрде 1 күндік, 2 күндік және 1 айлық валюталық своптар бойынша операциялар жүргізілді. 1 күндік валюталық своптары бойынша мәмілелер көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда 39,6%-ға қысқарып, 2,6 млрд АҚШ долларын құрады, 2 күндік валюталық своптар бойынша - 27,6%-ға қысқарып, 2,1 млрд. АҚШ долларын құрады. 1 айлық своптар бойынша мәмілелер көлемі, валюта нарығының қатысушылары арасында аз сұранысқа ие құрал болып қала отырып, 330 млн АҚШ долларын құрады (17-график).

17-график. Биржалық валюталық своптар бойынша мәмілелер.




Дереккөзі: ҚҚБ

Г) Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар

Банкаралық валюта нарығы

Банкаралық валюта нарығында спот мәмілелерінің көлемі 29,5 млрд АҚШ долларына дейін 15,9%-ға ұлғайды, оның ішінде бір еншілес банктің валюталық тәуекелдерден меншікті капиталды хеджирлеу бойынша операцияларының көлемі 20,5 млрд АҚШ долларын немесе 69,6%-ды құрады. Бұл операциялар банк тобының ішінде жүргізілді және ішкі валюта нарығындағы шетел валютасына сұраныс немесе ұсыныс көлеміне, демек, теңгенің айырбастау бағамын қалыптастыруға әсері тимеді (18-график).

18-график. Банкаралық валюта нарығында KZT/USD валюта жұбымен сауда-саттық көлемі




Дереккөзі: ҚРҰБ

Жекелеген банктің меншікті капиталын хеджирлеу жөніндегі мәмілелерді қоспағанда, банкаралық валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі есепті тоқсанда 9,0 млрд, АҚШ долларына дейін 33,7%-ға ұлғайды.

Д) Жеткізілімсіз валюталық форвардтар нарығы

Доллар-теңге жұбы бойынша жеткізілімсіз валюта форвардтарының (NDF) баға белгілеулері есепті тоқсанда теңгенің АҚШ долларына шаққандағы биржалық бағамымен спредтің тұрақтанғанын көрсетіп, нарыққа кәсіби қатысушылардың теңгенің уақытша бөлікте 3 айға және 1 жылға дейін айтарлықтай әлсіреуіне қатысты күтулерінің төмендеуі туралы белгі берді (19-график).

19-график. NDF спредтері, жылдық %-бен




Дереккөзі: ҚҚБ, Refinitiv, ҚРҰБ есебі

Е) Қолма-қол шетел валютасының нарығы

2021 жылғы екінші тоқсанда тұтынушылық белсенділіктің өсуі және басталған демалыстар маусымы аясында алдыңғы тоқсанға қарағанда 7,4%-ға, 2020 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 44,6%-ға ұлғайып, халық қолма-қол шетел валютасын 565,0 млрд теңгеге баламалы сомаға сатып алды.

График 20-график. Халықтың шетел валютасын нетто сатып алуы/сатуы




Дереккөзі: ҚРҰБ

2021 жылғы сәуір-маусымда халық АҚШ долларын сатып алуға басымдық берді – оған жалпы шығыстардың 63,8% тиесілі. Қолма-қол шетел валютасын жиынтық нетто-сатып алу құрылымындағы ресей рублінің үлесі 27,9%, еуро- 8,1% құрады.

1-БОКС. Жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2021 жылғы екінші тоқсан ішінде АҚШ долларына қатысты көлемдер тұрғысынан неғұрлым саудаланатын дамушы елдердің валюта бағамдарының серпіні мынадай түрде қалыптасты:

Дамушы елдер валюталарының бағамдарының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, % (2021 жылғы 2 тоқсанда)



Бразилия реалы базалық мөлшерлемені 4,25%-ға дейін (тоқсан ішінде 1,5 т.ш.) көтеру, сондай-ақ Үкіметте бюджет мәселесін формальды түрде шешу арқасында 11,7%-ға (5,63-тен 4,97-ге дейін) нығайды. Сыртқы шоттардың жақсаруы туралы (ағымдағы операциялардың теңгерімі сәуір-мамырда профицитке өтті) және талдаушылардың болжамдарынан жоғары (+1,2%) экономиканың өсуі туралы деректер де реалға қолайлы әсер етті.

Ағымдағы шоттың жай-күйінің жақсаруы (2021 жылғы 1-тоқсанда ІЖӨ-нің 5%), үшінші тоқсан қатарынан оң аймақта орналасқан **оңтүстік африкалық рандтың** серпініне оң әсер етті. ОАР ұлттық валютасы 3,3%-ға (14,78-ден 14,29-ға дейін) нығайды. 2021 жылғы 1 тоқсанда экономиканың өсу қарқыны шикізат тауарлары бағасының өсуі аясында экономистердің болжамдарынан (+4,6%) жоғары болып шықты. Бұдан басқа, оңтүстік африкалық рандқа 2021 жылғы 1-тоқсанда рекордтық кетуден кейін 2021 жылғы мамыр-маусымда бейрезиденттердің борыштық нарыққа қайта келуі қолдау болды.

Мұнай баға белгіленімдерінің өсуі (75,13 АҚШ долл/баррель дейін), геосаяси тәуекелдердің төмендеуі және негізгі мөлшерлеменің бірқатар көтерілуі **Ресей рублінің** 3,3%-ға (75,65-тен 73,15-ке дейін) нығаюына ықпал етті. Инфляцияның жеделдеуі аясында РФОБ негізгі мөлшерлемені 6,5% деңгейіне дейін (тоқсанда 2 т.ш.) көтеруге агрессивті түрде кірісті. Инвесторлар сондай-ақ РФ мен АҚШ мемлекеттері басшыларының 2021 жылғы маусымдағы келіссөздерінің қорытындыларын оң бағалады, бұл елдер арасындағы сыртқы саяси шиеленістің төмендеуіне әсер етті.

Қаралып отырған кезеңнің алғашқы екі айында экономиканың экономикалық өсу перспективалары (ІЖӨ 2021ж. сарапшылардың болжамдарынан асып түсті, + 0,4%) және инвесторлардың тәуекел-сентиментінің жақсаруы аясында **мексикалық песоның** серпіні оң болды. Бұл ретте, Мексиканың ұлттық валютасын нығайту тренді 16 маусымда АҚШ ФРЖ отырысында үзілді және оның қатты әлсіреуіне әкелді (бір аптада (-)3,9%). Мексика Орталық

Банкінің күтпеген жерден мөлшерлемені көтеруінің арқасында (4,25%-ға дейін, +0,25 т.ш.) мексикалық песо бағамы күрт төмендеуін толығымен өтеп алды. Нәтижесінде, тоқсанның қорытындысы бойынша айырбастау бағамы 2,4%-ға (20,43-тен 19,94-ке дейін) нығайды.

Индонезия рупиясы 0,2%-ға (14 525-тен 14 500-ге дейін) нығайды. Тоқсан бойы ұлттық валюта бейрезиденттердің қор және борыш нарықтарынан кетуіне байланысты қысымда болды. Индонезияның Орталық банкі мамырда айырбастау бағамын тұрақтандыру мақсатында валюталық интервенциялар жүргізді. 2021 жылғы 1 тоқсанның қорытындылары бойынша ағымдағы шоттың дефициті 0,4% құрады.

2021 жылғы 2-тоқсанда **үнді рупийінің** 1,7%-ға (73,11-ден 74,33-ке дейін) әлсіреуі елде Covid-19 өршуіне, қатаң карантин шараларын енгізуге, сондай-ақ мұнай бағасының өсуіне байланысты болды, бұл ағымдағы шоттың жай-күйіне қысым көрсетеді (ел мұнайдың нетто-импорттаушысы болып табылады).

Түрік лирасы инфляцияның екі таңбалы деңгейлері жағдайында инвесторлардың Орталық банктің тәуелсіздігіне қатысты алаңдаушылығы аясында 5,6%-ға (8,25-тен 8,71-ге дейін) әлсіреді.

III. ҚОР НАРЫҒЫ

III. Қор нарығы

МБҚ кірістілік қисығы 2021 жылғы екінші тоқсанның соңына қарай шамалы өсті. ҚР МБҚ шетелдік инвесторлардың ағыны артуда.


2021 жылғы екінші тоқсанда әлемдік қор нарықтарынан кейін KASE индексі тарихи максимумға жетіп, сенімді өсімді көрсетті. Биылғы жылдың екінші тоқсанында KASE индексінің құрылымында энергетика саласы өсудің негізгі жетекшісі болды.

А) Мемлекеттік бағалы қағаздар

Есепті кезеңде тәуекелсіз кірістілік қисығында барлық сегменттер бойынша МБҚ кірістілігінің өсуі байқалды: өтеу мерзімі 1 жылдан 3 жылға дейін, орта есеппен 14,3 б.п., 4 жылдан 10 жылға дейін – орта есеппен 34,9 б.п., 10 жылдан астам – 42,4 б.п. өсті (21, 22-графиктер).


Кірістіліктің өсуі ҚР Қаржыминінің бағалы қағаздарын шығару бойынша ұсыныстардың азаюына қарамастан, нарыққа қатысушылар тарапынан Қаржыминінің МБҚ сұраныстың қысқаруын көрсетті. Есепті тоқсанда ҚР Қаржыминінің МБҚ ұсынысына орташа сұраныс 2021 жылғы бірінші тоқсандағы 252%-дан екінші тоқсандағы 114%-ға дейін 2,2 есе төмендеді. Көрсетілген кезеңде ҚР Қаржыминінің МБҚ шығару көлемі 37,1%-ға қысқарды.

21-график. Кірістілік қисығы



Дереккөзі: ҚҚБ

22-график. Мерзімі бойынша БҚ орташа кірістілігі және олардың өзгеруі




Дереккөзі: ҚҚБ

2021 жылғы сәуір-маусымда да халықтың зейнетақы жинақтарын үнемі алуы аясында БЖЗҚ қоржынындағы ҚР Қаржыминінің МБҚ қысқарды, ол есепті тоқсанның соңына қарай сыртқы инвесторлардың қызығушылығының артуы аясында бейрезиденттер тарапынан ағынмен ішінара ретке келді.

2021 жылғы мамыр-маусымда шетелдік инвесторлар Қазақстанның МБҚ-ға салымдарын сәуірмен салыстырғанда ұлғайтып, 2021 жылғы наурыз деңгейіне жетті (23-график). Мамыр-маусымда олардың қоржынының өсімі 89,1 млрд. теңгені құрады.

23-график. Бейрезиденттердегі МБҚ көлемі, млрд. теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ, БҚОД

Жалпы, Қазақстанның МБҚ ұстаушылары арасындағы бейрезиденттер портфелі жыл басынан бастап 1,8 есе өсіп, есепті кезеңнің соңында 791,4 млрд теңге (биылғы жыл-

дың басында 430 млрд теңге) болды. Бұған Clearstream арқылы Қазақстанның капитал нарықтарына қол жеткізу мүмкіндігінің ашылуы ықпал етті, ол бойынша маусымның соңында бейрезидент ҚР МБҚ ұстаушыларының көлемі 207,2 млрд теңге болды. Сонымен бірге, бейрезиденттердің едәуір үлесі (шамамен 78%) өтеу мерзімі 1 жылға дейінгі қысқа мерзімді бағалы қағаздарға шоғырландырылған.

2021 жылғы екінші тоқсанда МБҚ-ның бастапқы нарығында орналастыру көлемі 496 млрд теңге (алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 31,6%-ға аз; 2020 жылғы екінші тоқсанмен салыстырғанда 2,6 есе аз) болды (24-график).

24-график. МБҚ нарығындағы мәмілелер көлемі, млрд теңге



Дереккөзі: ҚҚБ


ҚР Қаржы министрлігі нарыққа 9,6% -10,7%-бен 441,9 млрд теңге (алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 37,1%-ға аз; 2020 жылғы екінші тоқсанмен салыстырғанда 49%-ға аз) тартты (25-график).

Есепті кезеңде ҚР Қаржыминінің МБҚ шығарылымының жоспарлы көлемінің 94%-ы орындалды. 2021 жылы ҚР Қаржымині 1 жылдан 15 жылға дейінгі мерзіммен 1,9 трлн жуық сомаға (2021 жылдың басынан бастап 1,1 трлн теңге орындалды), оның ішінде орта мерзімді секторда 5 жылға дейінгі мерзіммен 1 трлн теңгеге дейін (2021 жылдың басынан бастап 717,9 млрд теңге орналастырылды) МБҚ шығаруды жоспарлап отыр.

Екінші деңгейдегі банктер, заңды тұлғалар мен институционалдық инвесторлар МБҚ-ның бастапқы нарығындағы негізгі қатысушы-инвесторлар болды.

МБҚ қайталама нарығында есепті кезеңде мәмілелер көлемі 278,6 млрд теңге болды, бұл алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 39,6%-ға артық (2020 жылғы екінші тоқсанмен салыстырғанда 37,2%-ға артық).

25-график. Қаржыминінің және ЖАО МБҚ орналастыруы, млрд теңге




Дереккөзі: ҚҚБ

5 облыстың және республикалық маңызы бар 2 қаланың (Алматы және Шымкент) әкімдіктері 54 млрд теңге сомасына (алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 2,3 есе жоғары, 2020 жылғы екінші тоқсанмен салыстырғанда 9 есе аз) орналастырды.

Б) Корпоративтік облигациялар нарығы

Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда көлемі 2021 жылғы екінші тоқсанда 250,4 млрд теңге болды, бұл алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 2,3 есе төмен және 2020 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда 2,31 есе төмен (26-график).

26-график. Корпоративтік облигациялар нарығындағы мәмілелер көлемі




Дереккөзі: ҚҚБ

Квазимемлекеттік сектор, ҚОҚ және екінші деңгейдегі банктер орналастыру көлемі бойынша көшбасшы болып қалады. Эмитенттер арасында орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығару үрдісі сақталды.

Кірістілігі орташа нарықтық мәндерден айтарлықтай ерекшеленетін жеке облигациялар шығарылымын қоспағанда, орналастырылған облигациялар бойынша мөлшерлемелер 9,8-13,5% аралығында өзгеріп отырды (27-график).

KASE_BMY индексі есепті тоқсанның қорытындысы бойынша 10,49-ға дейін 0,16 п.т. төмендеді.

27-график. Эмитенттердің жылдық кірістілігі, %



** 2-ші тоқсанда Capital Leasing Group жеке компаниясы 16% бойынша, АНК 4,96% бойынша және КЖК 0,1% бойынша орналастырды.*

Дереккөзі: ҚҚБ


Тартудың негізгі үлесі «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-қа (25,1% немесе 44,4 млрд теңге), «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ-қа (22,5% немесе 39,7 млрд теңге), «Bank RBK» Банкі» АҚ-қа (14,1% немесе 25 млрд теңге), «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-қа (11,4% немесе 20,1 млрд теңге), «Fincraft Group» ЖШС-қа (8,5% немесе 15 млрд теңге) тиесілі болды.

Есепті тоқсанда, оның ішінде «Отбасы банк» ТҚЖБ» АҚ, «Технолизинг» ЖШС және «ҚОҚ» АҚ тарапынан 2 жылдан 10 жылға дейінгі міндеттемелерді шығару үрдісі байқалды. «Қазақстан Тұрғын үй корпорациясы» АҚ 30 жылдық мерзіммен ең ұзақ корпоративтік облигациялар шығарды.

B) Акциялар нарығы

2021 жылғы екінші тоқсанда вакцинациялау қарқынының өсуі аясында дамыған елдер (ФРЖ, ЕОБ, Англия, Жапония) реттеушілерінің жеңіл ақша-кредит саясатын жүргізуі сақталды. Бұл іскерлік белсенділіктің артуына, мұнайдың әлемдік бағасының қалпына келуіне ықпал етіп, жаһандық қор индекстеріне оң әсерін тигізді. Мысалы, есепті тоқсанда әлемдік қор биржаларында S&P 500 (АҚШ) индексінің 4 297,5 тармаққа дейін, Eurostoxx (Еуроаймақ) индексінің 4 158,1 тармаққа дейін, MOEX (Ресей) индексінің 3 860,2 тармаққа дейін рекордтық деңгейлеріне жеткені байқалды, бұл ретте өсім тиісінше 8,2%, 3,7% және 8,5% болды.

28-график. KASE және басқа елдердің қор биржаларының индекстері (2019 жылғы желт. =100)




Дереккөзі: ҚҚБ, Thomson Reuters

Әлемдік қор нарықтарынан кейін KASE индексі 3 112,32-ден 3 344,07 тармаққа дейін 7,4%-ға нық өсіп, 2021 жылғы 7 маусымдағы тарихи жоғары көрсеткішке – 3 421,27 тармаққа жетті (28-график).

KASE индексінің құрылымында энергетика саласы есепті тоқсанда өсудің негізгі қозғаушы күші болды. Қазатомөнеркәсіп уран фьючерстерінің өсуі аясында негізгі өсімді көрсетті (29-график).

29-график. KASE индексі және оның компоненттері (2019 жылғы жел.=100)



Дереккөзі: ҚҚБ, Thomson Reuters

Жалпы жыл басынан бері ірі уран кеніштеріндегі локдаундарға байланысты әлемдік уран ұсынысының төмендеуі нәтижесінде Қазатомөнеркәсіп акциялары бағасының едәуір өскені байқалды. Қазатомөнеркәсіп акциялары бір тоқсанда 13 290 теңгеге дейін 25%-ға өсті, ал ең жоғары мәні биылғы жылғы 11 маусымда (13 599,19 теңге) тіркелді.

KEGOC та өсімді көрсетті, оның акциялары 4,2%-ға өсті, ал ҚазТрансОйл акциялары 1,1%-ға шамалы төмендеді.

Талданып отырған кезеңде қаржы секторында оң серпін байқалды.

2021 жылғы бірінші тоқсанда таза пайданың өсуі және Қазақстан тарихында алғаш рет шетелдіктердің қатысуынсыз жеке банкке инвестициялық деңгейдегі рейтинг берген Fitch және Moody's рейтингтік агенттіктері тарапынан рейтингтің көтерілуі нәтижесінде Халық банкі акцияларының 11,8%-ға өскені атап көрсетілді. Сондай-ақ, ЦентрКредит Банкі акцияларының 5,3%-ға өскені атап көрсетілді.

Байланыс саласында Қазақтелеком 2021 жылғы бірінші тоқсандағы оң есеп пен дивидендтердің төленуі нәтижесінде 16,5%-ға едәуір өскенін көрсетті. Бұл ретте LSE мен AIX делистингі аясында Кселл компаниясында теріс өсім (-2,6%) қалыптасты.

2-тоқсанда KAZ Minerals PLC делистингіне байланысты оның жай акцияларын капиталдандыру есебінен алып тастау нәтижесінде KASE акциялар нарығын капиталдандыру 20,1 трлн теңгеге дейін 6,2%-ға төмендеді.

Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 38,6%-ға төмендеп, 28,5 млрд теңге болды (2020 жылғы екінші тоқсанмен салыстырғанда 25,5%-ға төмендеу), талданып отырған кезеңде сауда-саттықтың ең үлкен көлемі маусым айында байқалды (30-график).

Жеке инвесторлардың акциялар нарығына қызығушылығы арта түсті.

30-график. Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚҚБ

Есепті тоқсанда жеке инвесторлардың акциялар нарығындағы белсенді шоттарының орташа саны 8 376 болды, бұл алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 50%-ға артық және 2020 жылғы екінші тоқсанға қарағанда 3,2 есе көп.

IV. ДЕПОЗИТ НАРЫҒЫ

IV. Депозит нарығы


2021 жылғы екінші тоқсанда теңгедегі салымдардың, сол сияқты валюталық салымдардың өсуі есебінен депозиттік ұйымдардағы депозиттер көлемінің өсуі жалғасты. Теңгедегі салымдардың өсуі халықтың салымдары есебінен, оның ішінде зейнетақы жинақтарын ЕДБ-ның ағымдағы шоттарына орналастыру нәтижесінде қалыптасты. Валюталық салымдар корпоративтік сектор салымдарының ұлғаюы аясында өсті.

Долларландыру жыл басындағы деңгейде (37%) сақталды, бұл ретте субъектілер бойынша әртүрлі бағытта қалыптасты: бизнес депозиттерін долларландыру ұлғайған кезде халықтың салымдарын долларландыру төмендеді.

А) Депозиттік операциялар

Есепті тоқсанның соңына қарай банк жүйесінің депозиттік портфелі 25,1 трлн теңге болды. Өсім жылдық мән бойынша 26,5% болды (31-график).

31-график. Депозиттердің өсуіне компоненттерінен қосылған үлес, %-бен ж/ж



Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚДКҚ

[1] *01.07.2021 жылғы жағдай бойынша (дереккөзі – БЖЗҚ сайты)*

Теңгедегі салымдар депозиттік портфельдің өсуіне (барлық салымның 2/3), депозиттердің өсуіне айтарлықтай үлес қосты.

Теңгедегі салымдардың өсуіне басты көмек халықтың депозиттерінен келді олар жылдық мән бойынша 39,4%-ға өсті, бұл – бөлшек сауда секторындағы валюталық салымдар өсімінен 6 есе артық.

Зейнетақы жинақтарын ішінара пайдалану мүмкіндігі халық салымдарының өсу қарқынын жеделдеуінің негізгі факторы болды.


БЖЗҚ[1] деректері бойынша тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін банктердің шоттарына 1,5 триллион теңгеден аса қаражат, емделуге – 18,4 млрд теңге аударылған. Зейнетақы жинақтарының негізгі сомасы Отбасы банкінің шоттарына (орындалған өтініштердің жалпы санынан 95,4%) түсті.

Корпоративтік сектордың депозиттік портфелі теңгедегі салымдар мен валюталық салымдар есебінен жылдық мән бойынша тең шамада өсті.

Бірақ, ағымдағы жылы көбінесе валюталық салымдардың өсуі байқалды, олар 2021 жылғы бірінші жартыжылдықта Бизнестің теңгедегі салымдарының өсімінен 2,5 есе асып түсті.

Жалпы, 2021 жылғы 6 ай ішінде депозиттік портфель 13,8%-ға өсті, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі депозиттер серпінінен 3 есе асып түседі (32-график).

32-график. Депозиттік портфельдің құрылымы, трлн теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚДКҚ

Депозит қорының бұдан әрі өсуіне зейнетақы жинақтарын алу әсерінің әлсіреуі, сондай-ақ халықтың демалыс уақытында қаражатын маусымдық пайдалануы әсер ететін болады

Бұдан басқа, жеке тұлғалардың Орталық депозитарийдегі сауда шоттары санының артуы (ҚҚБ деректері бойынша – 2021 жылғы 6 ай ішінде өсім 40 мыңнан астам шотты құрады) халықтың өз қаражатын қосымша көздерге салуға қызығушылығының артқанын дәлелдейді.

Жеке инвесторлар санының өсіп келе жатқанына қарамастан, олардың үлесі төмен болып қалуда (2021 жылғы маусымда Қазақстанның жұмыспен қамтылған халқынан 2%), бұл қазіргі кезеңде депозит нарығына айтарлықтай әсер етпейді.

Б) Депзиттік мөлшерлемелер

Зейнетақы ақшасының келіп түсуі тартылатын депозиттер бойынша мөлшерлемелердің төмендеуіне әсер етті.

Қаралып отырған тоқсан ішінде Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры халықтың мерзімсіз және қысқа мерзімді салымдары бойынша шекті мөлшерлемелер көлемін алдыңғы тоқсандағы деңгейде сақтап қалғанына қарамастан, халықтың тарту үлесі барынша көп (3 айдан 1 жылға дейін және бір жылдан 5 жылға дейін) теңгедегі мерзімді салымдары бойынша банктердің орташа алынған мөлшерлемелері 3 айдан 1 жылға дейінгі мерзімдегі салымдар бойынша – 9,5%-9,35%-дан 8,6%-8,9%-ға дейін (2020 жылғы екінші тоқсанда 9,5%-10,2%) төмендеді. Бір жылдан 5 жылға дейінгі салымдар бойынша мөлшерлемелер 9,7%-9,8%-дан 8,9%-9,5%-ға дейін (2020 жылғы 2 тоқсанда 10,5%-10,8%) төмендеді.

Бұған қоса, теңгедегі депозиттер бойынша мөлшерлемелер қаражатты сақтау үшін тартымды болып қала береді: ағымдағы жылғы маусымда қысқа мерзімді салымдар бойынша мөлшерлеме 8,7%, ұзақ мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлеме 8,9% болды.


Мөлшерлемелердің төмен болуына, сондай-ақ теңгенің айырбас бағамының тұрақтануына байланысты халық үшін валюталық салымдардың тартымдылығы төмен болып қалады.

Корпоративтік сектордың теңгедегі салымдары бойынша мөлшерлемелер алдыңғы тоқсандағы деңгейде – 7,2-7,3% көлемінде (2020 жылғы екінші тоқсанда 7,5%-7,6%) сақталды.

В) Депозиттерді долларландыру

Долларландыру 2021 жылғы бірінші тоқсанның соңынан бастап корпоративтік және бөлшек салымдар бойынша әртүрлі бағытта өзгерді (33- график).

33-график. Депозиттерді долларландыру, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

Бизнестің валюталық салымдарының үлесі ағымдағы жылғы наурызда 37,8%-дан 39,1%-ға дейін (2020 жылғы желтоқсанда – 36,2%, 2020 жылғы маусымда – 39,0%) өсті.

Жеке сектор салымдарын долларландыру деңгейі ағымдағы жылғы наурызда 35,9%-дан 34,7%-ға дейін (2020 жылғы желтоқсанда – 38,4%, 2020 жылғы маусымда – 41,1%) төмендеді.

Халықтың салымдарын долларсыздандыру көбінесе шағын және орта салымдар сегментінде, әсіресе 10 млн теңгеге дейінгі сомадағы салымдар бойынша жүреді, олар бойынша салымдарды долларландыру шамамен 20%-ды құрайды. Осы сегменттегі долларландыру деңгейінің төмен болуы салымшылардың жоғары кірістілікті алу мүмкіндігіне, сондай-ақ валюталық салымдармен (5 млн теңге) салыстырғанда теңгедегі салымдар бойынша (10 млн теңгеден 15 млн теңгеге дейін) кепілдіктің неғұрлым жоғары деңгейіне байланысты.

Ірі салымдар сегментінде (50 млн теңгеден астам) долларландыру деңгейі депозиттердің жалпы долларландыру мөлшерінен екі есе асып түседі.

Долларландырудың жалпы деңгейі ағымдағы жылғы наурыздан бастап қатарынан төрт ай бойы 37% (2020 жылғы желтоқсанда – 37,3%, 2020 жылғы маусымда – 40%) деңгейінде сақталып отыр.

Общий уровень долларизации с марта т.г. четыре месяца подряд сохраняется на уровне 37% (37,3% в декабре 2020 года, 40%- в июне 2020 года).

V. КРЕДИТ НАРЫҒЫ

V. Кредит нарығы


Экономикадағы іскерлік белсенділіктің және халықтың кірістерінің қалпына келуі аясында корпоративтік секторға жаңадан берілген кредиттер, сондай-ақ тұтынушылық қарыздар көлемінің өсуі байқалады. Зейнетақы жинақтарын ішінара алу мүмкіндігін іске асыру аясында берілген ипотекалық қарыздардың өсуі жалғасты.

2021 жылғы екінші тоқсанда ұлттық валютада корпоративтік секторға берілген кредиттер бойынша мөлшерлемелер серпіні 11,6% деңгейінде тұрақтанды. Бөлшек сектордың кредиттерінің құны төмендеді.

А) Кредиттік мөлшерлемелер

Екінші тоқсанда корпоративтік секторға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша мөлшерлемелер серпіні 11,6% деңгейінде тұрақтанды (34-график). Өткен жылдың екінші тоқсанымен салыстырғанда корпоративтік секторға берілген кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме жылдағы 11,5%-дан 11,6%-ға дейін аздап ұлғайды.

34-график. Берілген кредиттер бойынша мөлшерлемелер




Дереккөзі ҚРҰБ

Есепті тоқсанда жеке тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2020 жылғы екінші тоқсандағы 17,2%-дан 17,1%-ға дейін төмендеді. Төмендеу негізінен биылғы жылдың маусымында 18,3%-ға жеткен тұтынушылық кредиттер бойынша мөлшерлемелердің төмендеуі есебінен болды (2020 жылғы маусымда – 20,1%).

Б) Жаңа кредиттер беру

2021 жылғы екінші тоқсанда берілген жаңа кредиттердің көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,7 есе ұлғайып, 5,3 трлн теңгені құрады (35-график). Өткен жылы кредит беру көлемінің төмендігі қатаң карантиндік шаралар мен ТЖ режимі аясында іскерлік белсенділіктің төмендеуімен байланысты болды.


35-график. Берілген жаңа кредиттер



Биылғы жылдың басынан бері жаңа берілген кредиттердің айлық серпіні өсімді көрсетіп отыр.

Есепті тоқсанда жеке тұлғаларға берілген жаңа кредиттер өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,2 есе өсті (36-график).

36-график. Жеке тұлғаларға берілген кредиттер




Дереккөзі: ҚРҰБ

Бөлшек кредиттеудің өсуіне негізгі үлес тұтынушылық мақсаттарға жаңа кредиттер беру болды, ол жылдық мәнде 3 еседен астам өсті. Берудің өсу факторлары - бұл халықтың кірісін қалпына келтіру және коммерциялық банктердің мобильді қосымшаларының халық арасында кеңінен таралуы нәтижесінде тұтынушылық қарыз алу процесін жеңілдету.

Биылғы жылдың екінші тоқсанында берілген жаңа ипотекалық қарыздар көлемінің өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 3,1 есе өсуіне зейнетақы жинақтарын ішінара алып қою мүмкіндігі ықпал етті. Бөлінген қаражатты толық игеру нәтижесінде 2021 жылдың екінші жартыжылдығына қарай «Баспана Хит» бағдарламасын жоспарлы тоқтата тұру аясында берілген ипотекалық қарыздар портфеліндегі «7-20-25» бағдарламасы шеңберінде қарыздар үлесін ұлғайту, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің өз бағдарламаларын әзірлеуі күтілуде.

2020 жылдың басынан бері берілген ипотекалық кредиттердің орташа сомасы өсуде (37-график). Биылғы жылдың басында бұл көрсеткіш ең жоғарғы шегіне зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу есебінен жетті. Тұрғын үй бағасының өсуі аясында ірі ипотекалық қарыздарға сұраныс артты.


37-график. Берілген ипотекалық қарыздардың медианасы және орташа сомасы



Дереккөзі: ҚРҰБ

Іскерлік белсенділіктің қалпына келуі аясында 2021 жылдың екінші тоқсанында кәсіпорындарға жаңадан берілген кредиттер көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20,9%-ға артты (38-график).

38-график. Салалар бойынша бизнеске берілген кредиттер



Байланыстан басқа барлық салаларда жаңа кредиттер берудің өсуі тіркелді. Өнеркәсіп саласы кредиттерінің өсуі 25,3%-ға өсті.


Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру есебінен шағын бизнеске берілген кредиттердің айтарлықтай өсуі байқалады.

Есепті тоқсанда шағын бизнеске берілген кредиттер көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2 есеге артты.

Бизнеске берілген кредиттердің негізгі көлемі айналым қаражатын толықтыруға бағытталған (71,8%), ол 11,2%-ға ұлғайды. Сонымен қатар, объектілерді салуға және қайта жаңартуға кредиттер берудің

43,9%-ға, негізгі қорларды сатып алуға – 51,6%-ға өсуі байқалды (39-график).

39-график. Кредиттеу объектілері бойынша бизнеске берілген кредиттер




Дереккөзі: ҚРҰБ

В) Нетто-кредиттеу және ЕДБ кредиттік портфелі

2021 жылғы 2-тоқсанда жаңа берілген және өтелген кредиттер арасындағы айырмашылық жеке және заңды тұлғаларды ұлттық валютамен нетто-кредиттеудің өсуі есебінен оң қалыптасты (40-график).

40-график. Нетто-кредиттеу




Дереккөзі: НБРК

Жеке тұлғаларға ұлттық валютамен нетто-кредит берудің өсуі бөлшек кредит берудің басты драйвері болып табылатын тұтынушылық мақсаттарға берілген кредиттердің өсуімен түсіндіріледі.

Биылғы жылдың мамырынан бастап кәсіпорындарға шетел валютасында оң нетто-кредит беру тіркелді. Негізінен инвестициялар үшін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің шағын тобына берілген шетел валютасындағы осы қарыздар.

Таза кредиттеудің[2] өсуі есебінен кредиттік портфельдің көлемі (банк кредиттері бойынша берешектің қалдығы) есепті тоқсанның соңына қарай жылдық мәнде 12,9%-ға ұлғайып, 15,7 трлн теңгені құрады (жыл басынан бері – 7,5%-ға, есепті тоқсанда – 6,3%-ға өсті) (41-график).

41-график. ЕДБ кредиттік портфелінің өсу серпіні



Дереккөзі: ҚРҰБ

Кредиттік портфельдің жылдық өсуіне өткен жылдың төмен базасы және корпоративтік секторға кредиттер салымының өсуі ықпал етті.

[2] *Нетто-кредиттеу берілген жаңа кредиттер мен өтелген кредиттер арасындағы айырма болып табылады*

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР

Аударылатын депозиттер – бұл барлық депозиттер, оларды: 1) кез келген уақытта номиналы бойынша айыппұлсыз және шектеусіз ақшаға айырбастауға болады; 2) олар чек, тратта немесе қомақты-тапсырмалар арқылы еркін аударылады; 3) төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен пайдаланылады. Аударылатын депозиттер тар ақша массасының бөлігі болып табылады. Басқа депозиттерге, негізінен, белгілі бір уақыт өткеннен кейін ғана алынуы мүмкін немесе оларды қарапайым коммерциялық операцияларда пайдалану үшін ыңғайлы етпейтін және негізінен жинақтау механизмдеріне қойылатын талаптарға жауап беретін әртүрлі шектеулер бар жинақ және мерзімді депозиттер жатады. Бұдан басқа, басқа депозиттерге аударылмайтын салымдар мен шетел валютасында көрсетілген депозиттер де кіреді.

Ашық нарық операциялары – банкаралық пайыздық мөлшерлемелер деңгейіне ықпал ету мақсатында ақша нарығында өтімділікті ұсыну немесе алып қою үшін Ұлттық Банктің аукциондар нысанындағы тұрақты операциялары. Ашық нарықта операциялар Ұлттық Банктің бастамасы бойынша жүзеге асырылады. Ашық нарық операцияларын жүргізу кезінде кепіл ретінде жоғары өтімді және тәуекелсіз бағалы қағаздар пайдаланылады.

Кері РЕПО – алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сату міндеттемесімен бағалы қағазды сатып алу мәмілесі, Ұлттық Банк кері РЕПО операцияларын Ұлттық Банктің кепілді қамтамасыз ету тізбесіне сәйкес бағалы қағаздар кепілімен банктерге теңгелік өтімділікті беру мақсатында жүргізеді. Ашық нарық операциялары - базалық мөлшерлемеге жақын пайыздық мөлшерлемелер деңгейін қалыптастыру мақсатында ақша нарығында өтімділікті ұсыну немесе алып қою үшін Ұлттық Банктің аукциондар нысанындағы тұрақты операциялары.

Тұрақты қол жеткізу операциялары – ашық нарық операцияларының нәтижелері бойынша қалыптасқан өтімділік көлемдерін түзету жөніндегі ақша-кредит саясатының құралдары, тұрақты тетіктер мәміленің бір тарапының субъектісі Ұлттық Банк болып табылатын екі жақты мәмілелер шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл операциялар банктердің бастамасы бойынша жүргізіледі.

Тікелей РЕПО – бағалы қағазды алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сатып алу міндеттемесімен сату мәмілесі, Ұлттық Банк артық теңгелік өтімділікті алу мақсатында тікелей РЕПО операцияларын жүргізеді.

TONIA мөлшерлемесі – биржада мемлекеттік бағалы қағаздармен автоматты РЕПО секторында жасалған, бір жұмыс күні мерзімімен репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлемені білдіреді.

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АНК – «Агро кредит корпорациясы» АҚ

б.т. – базистік тармақ

ДНЕ – дамушы нарық елдері

ІЖӨ – Ішкі жалпы өнім

ҚДБ – «Қазақстанның даму банкі» АҚ

ҚДКҚ – «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ

ҚИК – «Қазақстанның Ипотекалық Компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ

ҚҚБ (KASE) – Қазақстанның қор биржасы

ҚОҚ – «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ

ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

МБҚ – мемлекеттік бағалы қағаздар

Млн – миллион

Млрд – миллиард

ОПЕК – Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы

п.т. – пайыздық тармақ



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ